

Алдымыздағы заңғар таулардың баурайы сыңсыған қарағайлы орманмен көмкеріліп, етегін қуалы өзен ағып жатыр. Риддер қаласынан он шақырымдай қашықтықта орналасқан «Громотуха» демалыс базасының табиғаты демалушыларды қызықтыратындай әсем екен. Базаға арнайы автобустармен және өз көліктерімен демалуға келген туристер белгіленген орындарға ән-сәтте шатырларын тігіп, орналасып алды. Мұнда ағаштан салынған әдемі шағын үйлер де бой көтеріпті: Фестивальға қатысушылардың бір бөлігі сол үйлерге жайғасты. Осындағы демалушыларға барлық жағдай жасалынты.

«Громотуха» демалыс базасында Шығыс Қазақстан облыстық өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақстан Алтайы» халықаралық туристік фестиваль өтті. Фестиваль бағдарламасына Батыс Алтай мемлекеттік қорығымен танысу, велошоу, «Кедергілі белестер» және спорттық бағдарлау жарыстары, пейнтбол, «Туристтер өмірі» фотоконкурс, Нептун күні, мерекелік концерт және басқа да іс-шаралары енгізіліпті.

Фестивальдің ашылу салтанатынан кейін Франциядан келген «Син» тобы, Галина Чланиди, Асқар Әсербаев және басқалары ашық аспан астында аспақтата ән шыққады. Максим Курекин «Отан-Ана» әнін қазақ тілінде нақышына көлтіре орындап, жиналған қауымның қошеметіне бөленді. Велосипедшілер мен мотоциклшілер де асқан шеберлікпен өз өнерлерін көрсетті.

Түске таман біздің облыста туризмді дамыту жөніндегі дөңгелек үстел отырысын ШҚО өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасы туризмді дамыту бөлімінің бастығы Марина Русина ашып: «Фестиваль Батыс Алтай мемлекеттік қорығының жанында өтуде. Туристерге бұл өңірдің табиғи ерекшеліктерін көріп тамашалауларына жақсы жағдай жасалды. Фестивальді бір жағынан жарнамалық акция ретінде өткізіп, отандық туристік өнімдерді халықаралық деңгейге жеткізудің жолдарын қарастырудамыз. Сонымен қатар, бұл жобаның негізгі бағыты салауатты өмір салтын қалыптастыру және жастардың белсенді демалысын ұйымдастыру болып табылады» деп бастады сөзін.

Оның баяндамасында облыс аймақтарында туристік саланы дамытудың барысы, проблемалары мен болашағы қамтылыпты. Туризмнің тау

шаңғысы, іскерлік, мәдени-танымдық түрлерін дамытуда ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Облыстағы ғаламат ландшафттар, аймақтар климаттарының әр түрлілігі, мәдени және тарихи құнды мұралар туристерді қызықтыра түсуде. Олар өздері қалаған маршруттарын таңдап алуда. Туризмнің экологиялық белсенді турларына, атап айтқанда, жаяу серуендеу, рафтинг, салт атты, альпинистік, ғылыми, мәдени-танымдық, балық және аң аулау түрлеріне қатысушылар саны көбейіп келеді.


Облыста 14 ерекше қорғауға алынған табиғи аймақ бар. Бұқтырма жағалауы, Сібекөлдері, Алакөл көлі, Катонқарағай, Глубокое аудандарындағы, Риддер, Өскемен қалаларының маңындағы маңызды рекреациялық аймақтар ТМД елдерінен, алыс шетелдерден келген көптеген туристердің қызыға тамашалайтын орындарына айналуда. Оларға Ю1 туристік ұйым қызмет көрсетуде.

2007 жылы біздің облысқа келген адамдардың саны 2006 жылмен салыстырғанда 39,8 пайызға өскен. Жалпы қызмет көрсету көлемі 53,7 пайызға өсіп, 1499 миллион теңгені құрады.

Туристік саланы дамытудың 2006-2007 жылдарға арналған аймақтық кешенді бағдарламасы қабылданып, соған сәйкес, туризм инфрақұрылымын дамыту, имиджін қалыптастыру, аумақтың туристік үрдісін көтеру, рекреациялық аймақтарды құру, халықаралық туристік көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, жарнамалық баспа өнімдерін шығару, халықаралық және облыстық маңыздағы қоғамдық-танымдық шараларды өткізу бағыттарында біршама жұмыстар іске асырылған.

Бағдарламаны жүзеге асыру аясында Алакөл және Сібе көлдеріндегі құрылыс жұмыстарының бас жоспарлары жасалып, қазіргі кезде сол

АЛТАЙ АЯСЫНДАҒЫ ТУРИСТЕР ФЕСТИВАЛІ



жобалар келісім-шарт жасау шегіне жеткен. Бұқтырма су қоймасының, Рахман қайнары аймағының бас жоспарын жасау жұмыстары жүргізілуде. Ұлан ауданындағы Айыр көлдерінің бас жоспарын жасау қарастырылуда.

Туризм инфрақұрылымының болмауы, автокөлік жолдарының нашарлығы, шекаралық рұқсатнама толтыру үрдісінің ұзақтығы, білікті мамандардың жоқтығы, оларды жоғары оқу орындарында оқытуда қазақстандық оқулықтар мен әдістемеліктердің тапшылығы жайында да баяндамада айтылды.

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес біздің облыста да өңірлік бағдарламаның жаңа жобасы әзірленуде.

Павлодар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы туризм бөлімінің бастығы Феризат Сапариева биылғы тамызда Баянауыл өңірінде ХХ «Достық» туристік слетін өткізетіндіктері жайлы әңгімелеп,

шығысқазақстандықтарды сол шараға белсенділікпен қатысуға шақырды. Семей қалалық кәсіпкерлік бөлімі индустриалдық-инновациялық даму, туризм және байланыс секторының меңгерушісі Галина Крюкова, Глубокое аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің меңгерушісі Светлана Большакова, Зырян аудандық спорт бөлімінің меңгерушісі Валентина Ледечева. Батыс Алтай мемлекеттік қорығы «Бумеранг» мәдени-экологиялық бірлестігі арнайы туризм бөлімінің өкілі Татьяна Бутвилена дөңгелек үстел отырысында туризмді дамытуға байланысты өз ой-пікірлерін ортаға салды.

«Қарлығаш» шаруа қожалығының жауапкершілігімен биылғы жазда Маралды ауылында фитотерапия, пантымен емдеу ваннасы, су және салт атпен жүру туризмі, альпинизм, аң мен балық аулау бойынша «Кеңсу» туристік базасы ашылады. Қазіргі кезде отыз бес төсек орындық туристік қонақ үй кешені салынды. Онда асхана, бассейн, тренажер залы бар, спорт алаңы тегістелініп

жабдықталды—деді Күршім аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы Айнұр Зарқұманова.

— Біздің ұжым рафтинг, жаяу, салт атты және шаңғы жорықтарын, велоавтотурларды, балалар демалысын ұйымдастырумен айналысады. Автобустарымыз бар, демалушыларды шатырлармен және басқа да керекті жабдықтармен қамтамасыз етеміз. Америка Құрама Штаттарынан, Швейцариядан, Германиядан келген туристерді қабылдап қызмет көрсеттік. Біртіндеп халықаралық деңгейде қызмет көрсету сатыларын игерудеміз. — деді фестивальді өткізуге құрылтайшы болған «Империя туризма» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Наталья Волкова.

Фестиваль бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар қызықты да тартысты өтті. Биылғы жылы фестивальға мектеп оқушыларынан бастап, жастар да көптеп келіпті. Көпке дейін ұмытылмас әсер алған олар келесі жылы да топтарын көбейтіп, достарын ерте келмекші.